



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Сьюзан Джейкобсон, проанализировав достаточное количество, 50 лонгридов, сделала вывод о том, что это воплощение развития авторской журналистики. Одним из ярких воплощений авторской журналистики является стиль «гонзо». Сьюзан Джейкобсон обнаружила в лонгридах черты «гонзо»-стиля: драматическое напряжение, диалог, описание сцен, словесное описание персонажей и другие [4].

Другие ученые пишут о таком приеме, занимающем важное место в лонгриде, как «параллакс-эффект», эффект занавеса, восходящий к поэтике кинокадра. «Параллакс – эффект – особая техника в веб-дизайне, основанная на смене видимого положения объекта относительно удаленного фона при изменении положения наблюдателя. Достигается с помощью разделения изображения на несколько «слоев», в журналистике такая техника впервые была применена «Нью-Йорк Таймс» в материале под названием «Snowfall» [1,78].

Итак, подведем итоги. Для нас важно это особое сочетание вербальной части и визуального ряда в лонгриде. С этих позиций лонгрид заслуживает особого внимания и изучения. Следует отметить, что в казахстанских масс медиа на сегодня не так много специалистов по лонгриду, однако мы считаем, что за этим жанром – будущее.

Прежде всего потому, что лонгрид соединяет в себе самое главное, что наработала традиционная журналистика – длинный, качественный текст, который переживает не лучшие времена и привлекающий многих на сегодня – яркий, мультимедийный визуальный ряд.

Список использованных источников

1. Кульчицкая Д.Ю., Галустян А.А. Лонгриды в онлайн-СМИ: особенности и технология создания. М.: Аспект-Пресс, 2016.-80 с.
2. Steensen S. Online feature journalism // Journalism practice/2009/Vol.3. № 1
3. Медиаконвергенция и мультимедийная журналистика: Материалы к обучающим семинарам // Составитель С. Баламаева.- Екатеринбург: Изд-во Гуманитарного университета, 2010.С.43
4. Jacobson S., Marino J., Gutsche R. The digital animation of literary journalism // Journalism. 2015. Firstpublished onlien. February 5, 2015

УДК882

АСҚАР СҮЛЕЙМЕНОВ – ЖУРНАЛИСТ, СЫНШЫ

Қабылбеков Нұрсұлтан Төлепбергенұлы,

nur_56_kz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану факультетінің 4 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – М.М. Серкебаев

Өткен ғасырдың 60-70 жылдарын гуманизм кезеңі дейтін болсақ, сол уақытта төл әдебиетімізге де ерекше қуатты толқын келген еді. Олардың шығармаларын Мәскеудің өзі мойындап, тіпті шетел баспалары жариялап жатты. Атап айтсақ, Шерхан Мұртаза, Тұманбай Молдағалиев, Фариза Оңғарсынова, Сәкен Жүнісов, Қалихан Ысқақ, Сайын Мұратбеков, Әкім Тарази, Мұхтар Шаханов, Дүкенбай Досжанов, Дулат Исабеков, Төлен Әбдіков, Ақселеу Сейдімбек, Қойшығара Салғарин, дүниеден ерте озған Сағи Жиенбаев, Жүмекен Нәжімеденов, Мұқағали Мақатаев, Оралхан Бөкейлер еді. Олардың әдебиет пен өнерге көзқарасы ХХ ғасыр гуманизмінің аясында қалыптасып, толысты. Олар өнердің жасампаздық рөлін жоғары қойды. Сонымен бірге қазіргі қазақ әдебиеті сынының тарихына, оның жүріп өткен жолына көркемдік сапа деңгейі тұрғысынан қарасақ, бірнеше айтулы кезеңдерді атап өтуге болады. 20 ғасырдың 1920-30 жылдарында Алаш арыстары негізін қалаған, осылардың арқасында жаңаша, ұлттық танымдық – көркемдік биігіне көтерілген

әдеби-көркем сынымыз, ең бастысы осы арқылы сол кезеңдегі туған әдебиетіміздің тарихын, теориясын, көркемдік ізденістерін бір жүйеге түсіруге деген талпыныс, барлығы да зая кеткен жоқ. Сол жылдардағы А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, С.Мұқанов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ғ.Тоғжанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев бастаған және осы ізденістер арнасын ары қарай сәтті жалғастырып кете алған кейінгі толқын әдебиет зерттеушілері мен сыншылары да, атап айтсақ, 70-жылдардың ішінде жазған дүниелерімен оқырманын елең еткізіп, осы көшке келіп қосылған А.Сүлейменов, З.Серікқалиев, Т.Тоқбергенов, Ж.Әбдірашев, С.Әшімбаев, т.б. сын еңбектері әдебиетке соны леп алып келді, ұлтымызға теңдессіз мол мұра қалдырды [3].

Демек, қазіргі қазақ көркем сыны тақыр жерден басталған жоқ, құнарлы мектептен, телегей теңіз әдебиетіміздің өз қайнарынан қуат алды. Осынау талантты, тегеурінді, ең бастысы, әлемдік әдебиеттен тоқығаны, түйгені мол, білімді, білікті әдебиет сыншылары буынының бел ортасында көрнекті қаламгер, кәсіби сынның ауыр жүгін ауырсынбай аркалап, осы әдебиет сынын ондаған жылдар бойында өз тағдырына балап, бір ерекшелігі, әдебиеттің барлық жанрларын бірдей қамтып, өндіре жазып, жемісті еңбек етіп, жаңа идеяларымен ерекшеленген Асқар Сүлейменовтің публицистикасы біздің бітіру жұмысымыздың негізгі арқауы болып отыр.

Асқар Сүлейменов 1954-1959 жылдары Қазақтың Мемлекеттік Абай атындағы педагогикалық институты, тарих-филология факультетінде білім алады. Осы аталған білім ордасында бағыт-бағдар беруші ұстазы белгілі қаламгер Қажым Жұмалиевтен әдебиетке, өнерге қатысты талай дүниені үйреніп, санаға сіңіреді. Әдебиет һәм сынның хас шебері уақыт өте келе үйретілгендерден нәтиже шығаруға тырысады.

Өзінің алғашқы еңбек жолын 1962 жылы «Жұлдыз» журналынан бастаған қаламгер мұнда жүріп, біршама «Жас прозаиктер және жастар образы», «Түр туралы бірер сөз», «Даладағы дүрбелең», «Әбіштің қоңыр даласы», «Тәкеннің шаңқандоздары» деген сияқты сыни мақалалары мен эсселерін жарыққа шығарады. «Жұлдызда» 1971 жылдарға дейін жұмыс жасап, 1974-75 жылдары «Қазақфильм» киностудиясында киносценарист ретінде өзінің еңбек жолын әрі қарай жалғастырады. Талантты ақын Ілияс Жансүгіровтің қаламынан туған әйгілі «Құлагер» поэмасы терең мазмұнымен бәріміздің есімізде. Осы поэмадағы оқиға желісімен 1977 жылы «Қазақфильм» киностудиясында түсірілген «Құлагер» фильмінің киносценариін жазған әмбебап өнер иесі Асқар Сүлейменов болатын. Сондай-ақ, 1975 жылы түсірілген «Адамдар мен арғымақтар» фильмінің де сценарисі Асқар Сүлейменов еді [5].

1978-1979 жылдары М.Әуезов атындағы академиялық драма театрда Әдебиет бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған драматург, 1978 жылы Н.Мирошниченконың «Айтыс» деп аталатын пьесасын аударып сахналаса, 1979 жылы С. Ахмадтың «Келіндер көтерілісін», 1980 жылы М.Булгаковтың «Жендеттер» спектаклін, дәл сол жылы «Шымкент облыстық драма театрында» автор өзінің «Кек» атты жеке драма-диалогын, 1983 жылы Е.Шварцтың «Күн қыз – Күл қыз», 1985 жылы аталмыш автордың «Қар ханым», 1987 жылы Мольердің «Ақымақ болған басым-ай» атты аудармаларын сахнаға лайықтап, қалың көрерменнің назарына ұсынды.

1980-1983 жылдары қаламгер «Жазушылар Одағының» Әдеби кеңесшісі қызметін атқарды. 1988-1989 жылдары драматург қайта «Қазақтың Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрына» қызметке оралды. Мұнда оның 1989 жылы «Төрт тақта – жайнамаз» атты авторлық драма-диалогы көрермен қауымның жүрегіне жол тапты.

1991 жылдың ортасынан (ол кездегі бас редакторы – Бексұлтан Нұржекеұлы) өмірінің соңына дейін публицист-сыншы республикалық «Парасат» журналында әдебиет бөлімінің меңгерушісі қызметінде болады. Өмірден өткен соң Асқар Сүлейменовтің 1993 жылы «Жетінші палата», 1994 жылы «Қыздай жесір – штат қысқарту», 1998 жылы «Кек» (бұл жолы Мұхтар Әуезов атындағы драма театрында) драма-диалогтары сахналанады.

Ендігі ретте қарымды қаламгер, публицист-сыншы, драматург әрі аудармашы Асқар Сүлейменовтің ең алғашқы еңбек жолы бастау алған «Жұлдыз» журналындағы 1962 жылы жарық көрген бірді-екілі жарияланымдарына талдау жасап өткенді жөн көріп отырмыз.

Мәселен, «Жұлдыз» журналының 1962 жылғы №11 нөмірінің «Әдебиет мәселелері» айдарында Асқар Сүлейменовтің «Жас прозаиктер және жастар образы» атты мақаласы жарық көрді. Мұнда қаламгер өзі өмір сүріп жатқан орта жастары хақында, нақтылай түсетін болсақ, жас қаламгерлер жайында пікір білдіреді. Мәселен, «Қазіргі жас – тарихтың мұрагері, сондықтан да сол мұраны жеткен жеріне жетелеп кетеді деп, соның азабына да, ауыртпалығына да таймай барады деп үміт артады. Бұл сенім, соған қоса бұл жауапкершілік – аға үміті, ақ үміт, оны ақтамағаның өзіңді ойға, етекке тастағаның... Кіші буын аға буынның мұрагері, табиғи жалғасы болғанда оның бет-бағдары арын-ағысы қалай болмақ? Аға жолын қайтадан шиырлап шыға ма? Жоқ әлде болмысты өзінше күрмеп, өзінше жона ма? Ақиқат – соңғысында», - деп қазақ әдебиетіне енді ғана өзіндік қолтаңбаларымен танылып келе жатқан жас қаламгерлер жайын, олардың оқырман халық алдындағы міндетін атап көрсетеді [6].

Ақиқатында, мақаладағы бұл үзінділер жазушы Асқар Сүлейменовті өзі өмір сүріп отырған ортаны, әсіресе, шығармашыл қауымды сауатты түрде сараптай білген тұлға тұрғысынан танытады. Мұндай деңгейге жету үшін, әлбетте, терең білім мен жоғары талғам қажет. Ал біз сөз етіп отырған Асқар Сүлейменов бойынан дәл осы қасиеттер кездесетінін нық сеніммен айтуға болады. Дәл осындай тау тұлғаға ақын Тұтқабай Иманбекұлы мынадай бағасын беріп кетеді: «Асқардың бірі ғұламалығына табынатын, бірде сирек кездесетін шешендігіне бағынатын, бірде көреген көсемдігін сағынатын; бірі ойының тереңдігіне көнігетін, бірі парасатының ерендігіне елігетін, бірі тапқырлығына таңырқайтын. Ең бастысы, Асқардың оқуына тоқуы тоқайласқан сырбаздығы еді» [7].

Сүлейменов шығармаларын шартты түрде үш кезеңге бөліп қарауға болады:

1. Сыншылық кезең. Алғашқы кезеңде ол көркем сын жанрына жекелік сипат дарытуға ұмтылды, көркем шығарманы көркем мәтін қағидасынан тыс талдады. “Түр туралы бірер сөз” (“Жұлдыз” журналы, 1963) мақаласымен әдеби ортада үлкен айтыс тудырған Сүлейменовтің көркемдік-эстетикалық ұстанымдары негізінен осы кезеңде қалыптасып айқындалды. “Өнердің өмірден айырмашылығы – өнер өмірден үйренбейді. Өнердің өз өткені, өз бүгіні, өз логикасы мен динамикасы бар. ...Өнердің түбіне сорпа бетіндегі майдай қалқыған түсінікті идея жетеді” деп түсінген суреткер сыншы ретінде көркем шығармаға қояр биік талабын проза мен драматургияда жүзеге асырды. Ойы құнарлы, көркемдік құрылымы айрықша шығармалар туындатты.

2. Прозалық кезең. Прозалық кезеңде Сүлейменов шығармаларында ХХ ғасыр прозасының қағидалары толығымен дерлік көрініс берді, ол модернист қаламгер саналды. Қазақ әдебиетінде құбылыс ретінде бағаланған “Бесатар” повесі 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс пен Созақ көтерілісін соны көзқараста зерделеді.

3. Драматургиялық кезең. Суреткердің драмалық кезеңіндегі шығармалық жаңа өнер философиясы аясында талдауды талап етеді. Ол С.Ахмадтың “Келіндер көтерілісі”, М.Булгаковтың “Жендеттер”, Б.Брехттің “Сычуанның мейірі”, Э.Хемингуэйдің “Бесінші колонна”, Т.Уильямстың “Әйнек айуанхана”, т.б. пьесаларын қазақ тіліне аударған.

Асқар Сүлейменовтің сыни мақалаларын, өзеге де жазбаларын талдамас бұрын ғалым Дандай Ысқақұлының мына бір пікірін беріп өткенді жөн көріп отырмыз: «Сын журналистика емес, публицистикалық түрде жазылуы оның табиғи қасиеті. Публицистиканың негізгі мақсаты – бүгінгі күннің өзекті өңірлерін жырлау деп ұғынсақ, сынның да басты мұраты – қазіргі әдеби процестің зәру проблемаларын көтеру... Әдеби сынның осындай қасиеттеріне орай, оны әдебиет материалдарына негізделген публицистика деп те атауға болады... Бұл тұрғыдан келгенде публицистика мен әдеби сынға қойылар талап бір. Ол – бүгінгі күннің жырын жырлау» [8]. Бұдан публицистика мен сын өзара ұқсас әрі публицистикаға тән жанр сынға та тиесілі дегенді қорытындылауға болады.

Асқар Сүлейменов «Жас прозаиктер және жастар образы» мақаласында Қ.Ысқақов, С.Мұратбеков, Ж.Молдағалиев, Б.Тоғысбаевтардың шығармашылығы жайында ой өрбіте келе, ең алдымен, Ж. Молдағалиевтің прозасына жете мән беріп, «Жүрек қазынасы» повесінің кемшін тұстарын сынға алады. Айталық, «Повесть белгілі бір өмірлік мәселені

шешкендігімен емес, шешуге ұмтылысымен ғана назар аударады. Алайда ұмтылыстың өзінде еркіндік жоқ, тыныс кеңдігін, өмірдің кіршіксіз шыны таза шындығын көре алмайсың. Кіршіксіз дегенде мен бір ашық бояуды, мажор үнді идиллия көріністі айтып отырғам жоқ. Тірлікте кірбең, көлеңке сәт, жәйттер аз емес. Кемшілігі жақсы мен жаманның шарпысын шағып дәлелдеуге автордың тәжірибесінің жетпей жатқанында», - деп автор көркем шығарма жайында осылай деп сөз етеді [9].

Біздің ойымызша, өмірдегі кез-келген жаратылыс атаулының жақсы һәм нашарлау жағы болады. Барлық зат атаулыға біз керемет деп баға бере алмаймыз. Тап сол секілді, Аллаһ тағаланың керемет жаратылыстарының бірі – адам және оның мінезін біз біріңғай көркем еді деп айтар болсақ, бұл пікіріміз артықтық болар еді. Себебі, адам баласы – өзін-өзі әркез жөнге салушы әрі тәрбиелеуші. Міне, дәл осы тұста жазушы Жайсаңбек Молдағалиевтің «Жүрек қазынасындағы» айтпақ болған ой адам туралы. Ол адам баласының қаншалық жинақы, қаншалық пысық болғанымен, кейде кемшін кететін тұстары болатындығын әңгімелегісі келген. Мәселен, тірлігіне адал адамдардың образын Ермек арқылы суреттесе, арамдардың қатарына Айтжанды қосып, автор өмірдің таразысын теңестіргісі келеді. Өзәзіл, пасық, залымның жолына кез болғандары не қиындыққа төтеп беріп, барлық кедергілерді жеңіп шығады не шыдай алмай мұрттай ұшады. Автордың негізгі көрсетпек болған өмір заңы да осы болатын. Бұл тұрғыдан қаламгер Ж.Молдағалиев сыншы Асқар Сүлейменовтен «Жұлдыз» журналына жарияланған «Жас прозаиктер мен жастар образында» өзінің лайықты бағасын алады.

Жоғарыда келтірілген мақала сыни тұрғыда жазылғандықтан, талдауды әрі қарай жалғастырмас бұрын, белгілі жазушы әрі сыншылардың сын туралы айтылған бірсыпыра пікірлерін келтіре кеткенді жөн көріп отырмыз. Д.Н. Овсяннико-Куликовский «Көркем сынның әдістері мен міндеттері мәселесіне» деген мақаласында, сынды «Көркем және ғылыми-философиялық ойлардың жиынтығы» деп көрсетсе, В. Баранов «Сын – ғылым мен өнердің, логикалық және образды ойлаудың синтезі», М.Каган «Сын сипатына қарай ол ғылым да емес, өнер де емес, басқа бір үшінші нәрсе», «бірінші кезекте идеологиялық қызмет», - деп біледі.

Сыншы Асқар Сүлейменов «Жүрек қазынасында» екшеу жоқтығын, сондықтан да, жазушының жас тәніндегі рухани жомарттықты көрсетем, жайып салам деген игі тілегі қыр басына шыға алмай, төрт-бес текпішек аттап барып, телміріп қап қойғандығын, оқушы да тақыр мұзға отырып қалғандығын айтады. Сондай-ақ, повесть композициясының шашырандылығы салдарынан кейіпкер барынша еркін тыныстайтын, өз ерекшеліктерін көрсететін отауды жазушы тіге алмағандығын, шаңырақ көтергендей-ақ көрінетіндігін, бірақ оның бәрі үй орнын таңдап алғаннан, асып кеткенде керегенің түбін көмбелегеннен арыға бармайтындығын баяндайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: 2006. – 191-б.
2. Пірәлиева Г. А. Сүлейменов прозасындағы ым мен ишарат. // Жұлдыз. – 2003. – №12. – 150-бб.
3. Сүлейменов А. Бесатар. – Алматы: Жазушы, - 1997. – 14-б.
4. Исабеков Д. Асқар. - // Егемен Қазақстан. – 1999. – 25 наурыз.